

Бозтал орта мектебі бойынша кітапхананың «оқуға құштар мектеп»

іс-шарасының есебі

2022-2023

Ақмола обылысы білім басқармасына жоспар бойынша мектеп кітапханаларының материалдық - техникалық базасын нығайту кезеңінде жиһаздарға сұраныс беру.

Бозтал орта мектебі кітапханасына 2 компьютер берілді.

Қаңтар айынан бастап кітапханада «Кітап - тарих, шежіре» тақырыбына байланысты кітап көрмесі өтті. Оның мақсаты: балалардың отансүйгіштіктерін арттыру, білімге, кітапқа деген құлшыныстарын арттыру болатын.

Қаңтар айында «Оқырман мектебі» жобасы аясында «Мен оқып,сіздерге ұсынамын» тақырыбында кітапханада кітап көрмесі өткізілді және сабақтан тыс уақытта ертегілер әлеміне саяхат жүргізілді. Оның мақсаты: балалардың дүниетанымын кеңейту, балаларға кітап оқуға қызығушылығын нығайту.

Ақпан айында қазақ поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан ақын М.Мақатаевтың 90 жылдығына арнап. «Қазақ поэзиясының хантәңірі М.Мақатаев» атты кітап көрмесі өткізілді. Оның мақсаты: оқушыларды қазақ әдебиетіне үлкен үлес қосқан ақынының өмірінен, шығармашылық жұмстармен таныстыру, санасына жеткізу.

Ақпан айында Сара Алпысқызы Назарбаеваның 80 жылдығына орай «Мерейім тұнған жүрегі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ондағы мақсат: балаларға өзін-өзі тану қаншалықты маңызды екенін және айналасындағыларға жылы қабақ танытуды үйрету.

Ақпан айында «Оқырман мектебі» жобасы бойынша «Менің сүйікті кітабым» фотокөрмесі ұйымдастырылды. Оның мақсаты: оқушыларға кітапты мәнерлеп оқуды және қызығушылықты арттыру.

Бозтал орта мектебі кітапханасында «Оқырман мектебі» жобасы аясында «Биыл – жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың» туғанына 175 жылға орай, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай және Шоқан Уәлихановқа бейнероликтер жасалып, инстаграмм сайтына салынды.

Наурыз айында «Жолдажүру қауіпсіздігі» атты кітап көрмесі жасалды, және бастауыш сыныптар арасында сайыс ұйымдастырылды. Оның мақсаты: Балаларға кезінен жолда жүру тәртібін, ережелерді үйрету.

Наурыз айында, наурыз мерекесіне орай, мектеп кітапханасында «Наурыз-асыл айым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ондағы мақсаты: балаларға қазақ халқының салт- дәстүрін ұмытпай, жаңғыртуға шақырту.

Жаңа оқу жылдың қазан айында «Менің отбасымның кітапханасының кітабі» атты көрмесі ұйымдастырылды. Ондағы мақсат: өзімнің сүйікті кітап туралы баяндап беру.

Бастауыш сыныптар және кітапханашы қатысты.

Қараша айында «Кітапханаға кітап сыйла» атты акция өткізілді. Оның мақсаты: әр отбасында оқылған кітапті кітапханаға сыйға беру.

Желтоқсан айында фотокөрме ұйымдастырылды «Отбасымен кітап оқимыз».

Оның мақсаты: кітапқа мектепке ғана сүйіспеншілік білдірмей, отбасында да білдіру керек.

Мектеп директоры

Сергазинова Г.Т.

М.О

М.П

Дайындаған: кітапханашы Секуова А.Т.